

1- сынып оқушыларын «Мектеп өміріне енгізу» бейімделу кезеңінде психологиялық сүйемелдеу арқылы көмек жасау



Биылғы оқу жылындағы бірінші сыныпқа қабылданған балалардың оқуға деген мотивациясын, мектеп өміріне бейімделуін анықтау мақсатында қыркүйек айында зерттеу жұмыстары жүргізілді. Оқушылардың жаңа ортаға бейімделуі бақылау әдісі арқылы басталып, оқушыларға әртүрлі психологиялық ойын- жаттығулары өтті. Нәтижесінде балалар жаңа өмірге қадам басқандарын ұғып, мектеп ережесімен танысты.

«Допты қағып ал» танысу жаттығуы

Мақсаты: балалардың бір- біріне деген қарым-қатынастарын жақсарту.

Шарты: бала допты ұстап тұрып өз есімін айтады да, допты келесі балаға береді. Осылайша барлық балалар бір-бірімен танысып шығады

«Достық күлімсіреуден басталады» жаттығуы

Мақсаты: сөзсіз алғашқы эмоционалдық жағымды байланысты орнату.

Барлық қатысушылар шеңбер бойынша отырады, әрқайсысы кезекпен көршілеріне қарап күлімсірейді.



Балалардың қабылдау, ойлау, қиял деңгейлерін анықтау мақсатында Керн – Йрасик тестісі жүргізілді.

«Жылы сөз» ойыны.

Мақсаты: балалардың белсенділігін арттырып, эмоциялық қысымды жою.

Барысы: Барлық қатысушылар шеңбер жасап тұрады. Бастаушы өзінің көршісіне бұрылып қошемет сөз айтады (комплимент), ол оған рахмет айтып келесі адамға жақсы сөз айтады. Ойынды бәрі жылы сөз тыңдап болғаннан кейін тоқтатуға болады.

Баланың психологиялық көңіл-күйін ескеріп оны қалыпты жағдайда ұстау үшін түрлі жаттығулар жасату өз нәтижесін көрсетті.

«Мектептен кім не үйренгісі келеді» ойыны.

Мақсаты: балалардың оқуға деген мотивациясын арттыру.

Шарты:

Қолын көтеру – мен де келісемін

Қолын артына ұстау- мен істемеймін, келіспеймін,

Қолын басына қою – мен әзірше білмеймін

Күтілетін нәтиже: Балалар өздерінің достары көп екенін біледі. Мектепке не үшін келгендігін және нешінші мектепте оқитындығын, әрі қорқыныш сезімінің кеткендігін жөнінде әңгімелесу.

«Жоқ және бар» ойын- жаттығуы

Мақсаты: балалардың зейін қойып тыңдай білуін анықтау және дамыту.

Шарты: балалар партада отырады , бастаушы сыныпта бүгін ұлдар жоқ, қыздар бар деп айтқанда, ұлдар жасырынады да, қыздар партада отырады . Керісінше айтылады т.с.с

Күтілетін нәтиже: Балалардың қаншалықты зейін қойып тыңдайтындығы, басқаларға кедергі жасамауы анықталып, қимыл-қозғалыс жаттығуларын жасайды.